

Екіншіден, Темірбек Қожакеев – қазақ баспасөзінің тарихы мен тәжірибелерін зерттеуші. Бұл салада оның жұмысы үш бөліктен тұрады.

1. Газет-журналдар тарихы.
2. Белгілі журналистердің шығармашылық мұрасы.
3. Баспасөз жанрларының теориясы мен тәжірибесі.

Ұстазы, ғалым, профессор Бейсембай Кенжебаевпен бірге жазған «Қазақ совет баспасөзінің тарихынан» (1962) және Т.Амандосов, Ш.Елеуенов, Т.Ыдырысовтармен бірлесіп жазған «Газет жанрлары» (1963), «Қазақ совет баспасөзінің тарихынан» (1986), «Жыл құстары», «Жас тілшілер серігі» (1991) кітаптары жарыққа шықты.

«Жыл құстары» (1991), «Көк сеңгірлер» (1992), «Сара сөздің сардарлары» (1995) монографияларында 1937-38 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған 20-жылдардағы қоғам, қалам қайраткерлері мен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан көрнекті қазақ жазушылары мен журналистерінің публицистикалық мұраларын зерттеп, ғылыми айналымға енгізді.

Үшіншіден, Темірбек Қожакеев – әдебиетші, әрі сыншы. Қазақтың әдебиеттану, әдебиет тарихы және сынының да көкейкесті мәселелеріне арнап жазған шығармалары көптеп саналады.

Ол сонымен қатар танымал журналист ретінде де республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында да тәуелсіздік алған егемен Қазақстанның алдында тұрған сан алуан проблемаларды жүзеге асыруына зиялылығымен, көрегендігімен үн қоса алды. Оны республика жұртшылығы сатирик ретінде де жақсы таныды. Қоғам қайраткері ретінде ол қоғам өмірінде болып жатқан жаңалықтарға, белгілі бір әлеуметтік, ғылыми маңызы бар мәселелерге БАҚ арқылы ат салысып отырды.

2007 жылы Мадест Қожакеевтің құрастыруымен ғалымның жетітомдық таңдамалы шығармалары жарық көрді.

Ғалым, профессор, жазушы, сатирик, журналист Темірбек Қожакеев «артында өлмейтұғын сөз қалдырған» дара тұлға.

**Өзбекова Г.С.,**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

## САТИРА САРДАРЫ

Ұстаздық және ғылыми, шығармашылық жолдарды қатар алып жүріп, оның әрқайсысына өзінің сүбелі үлесін қосуды мақсат еткен Т.Қожакеев 1961 жылы «Қазақ совет фельетоны» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болады. Мұнда ол қазақ совет фельетонының пайда болу, қалыптасу кезеңдерін алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттеді. Оның көрнекті өкілдерін де атап көрсетті. Солардың бірі Ілияс Жансүгіровтің фельетондарына ғылыми тұрғыдан жоғары баға беріп қана қоймай, өзі де Ілиястың «1936 жылдың 1937 жылға хаты» үлгісімен жаңа жылдық, наурыздық фельетондар жазған. Олар – «1959 жылдың 1960 жылға хаты», «Ескі жылдың есебі», «Айлар айтысы», «Аманат» т.б. Мұндағы автордың тапқырлығы – мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды пайдалану арқылы үкімет пен партияның қабылдаған шешімдеріне орай жүзеге асырылып жатқан игі істердің нәтижелерін жинақтап, «жылдық қорытынды» есебі ретінде шығармаға өзек ете білуі.

Ал 1970 жылы Әзірбайжан мемлекеттік университетінің арнайы ғылыми кеңесінде «Қазақ сатирасы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1972 жылы филология ғылымдарының докторы деген ғылыми дәреже алады.

Темірбек Қожакеевтің алғашқы фельетондарының бірі «Аяншыл жеңгейлер» 1944 жылғы 25 маусымда Жамбыл облысының Меркі ауданының «Сталин жолы» газетінде жарияланған. «Судан тұнық, сүттен ақ» кете бере ме?», «Монша деумен бес жыл өтті» фельетондары өлеңмен жазылған. Әдемі ұйқастарға құрылған фельетондар әлеуметтік тұрмыстық жағдайдың келеңсіз жақтарын әшкерелеуді ниет еткен. «Жандаралиннің келуі мен кетуі» (1963), «Ақ кебіндінің сыры» (1965), «Телестудияның текесі» (1963), «Қисанның хикаясы» (1963), «Қолайсыз көріністер» (1966), «Көсемнің көк сүңгісі» (1980), «Басқара білмесең, бас ие болма!» (1993), «Құттықтаймыз» (1995) сияқты фельетондары белгілі бір кезеңдердегі республиканың халықтық меншігіне әртүрлі айла-тәсілмен қол сұғатын қулар мен «пысықтарды» ауыздықтауға арналған. Ал «Ойраншыл орға құлар» (1966) памфлеті сол кездегі идеологиялық жаулардың арамниетті бейнелерін ашуды мақсат еткен.

Т.Қожакеев фельетонның әшкерелеуші, айыптаушы түрлерін дамытумен қатар оның жағымды түрін де әдебиет пен публицистикаға сыналап енгізген сатирик. «Көсемнің көк сүңгісі» («Ара», 1980, №4), «Түс жори аласыз ба?» («Социалистік Қазақстан», 1989, 8 сәуір), «Бұл кім өзі?» («Қазақ әдебиеті», 1993, 27 тамыз), «Бұл қай Ғаббас?» («Егемен Қазақстан», 1995, 4 наурыз) сияқты жағымды фельетондар – соның айғағы.

Бір кездері «Жас алаш» газетінің «Сүзеген сөз» атты қосымшасы (редакторы Жарылқасын Дәулетов) жас талап сатириктерге ғалым әрі сықақшы Т.Қожакеевтің шығармашылық әдістерін үйрету мақсатында «Қожакеевтің қоржынынан» атты арнайы айдар ашты. Онда сықақшының әр кездері жазған шығармаларын жариялап отырды. Сондай-ақ бұл айдармен Т. Қожакеевтің архивінде сақталған ХХ – ғасырдың басындағы қазақ сықақшыларының сирек кездесетін туындылары мен сатиралық жанрларының біразына арналған теориялық сипаттамалар жарияланып тұрды.

Ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі бөлігін сатираға арнап, салмақты еңбектер жазған және өзі де осы салада қалам тербей білген ғалым «сатира сардары» деген атқа әбден лайық деп білеміз.

**Аққожа Д. З.**

*Жетекшісі: Сұлтанбаева Э. С.*

## Т. ҚОЖАКЕЕВТІҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақ журналистикасының тарихынды өзінің өшпес ізін қалдырып, талай тілші атанғысы келетін жандарға ізбастаушы атанған тау тұлғалар саны сөзсіз аз емес. Алайда жүзден жүйрік болып, сол жұлдыздардың арасында бөлек, шуағының шапағатын ерек етер бір ер тұлға бар. Ол – Темірбек Қожакеев. Сатираның саңлағы, кекесіннің көк дауылы болып жадымызда қалған осы жанды бірі білсе, бірі естімеген болады. Дегенмен, төртінші билік өкілдеріне біраз жылдар жол сілтеп, ұстаздық еткен қазақтың ұлтжан ұлының тағдырын бір еске түсірсек артық етпес. 1926 жылы мерейлі Меркенің Ойтал ауылында желтоқсанның 17 жұлдызында жарық дүние есігін айқара ашқан. ҚазМУ-дың түлегі атанып, сол оқу ордасында ғылым жолын қуған жан. Филология ғылымдарының докторы атанған, «Қазақ сатирасы» (1970), «Абай – сатирик» (1970), «Қазақ совет сатириктері» (1975), «Сатира және дәуір» (1976), «Бүгінгі қазақ сатирасының проблемалары» (1978), «Адам. Қоғам. Сатира» (1980), «Сатиралық жанрлар» (1983), «Сатира – күштілер қаруы» (1985), «Сатира негіздері» (1996) сияқты еңбектер жазды. Одан бөлек «Абай және Сұлтанмахмұт» (1969), «Қазақ мысалы» (1969), «Әлемнің Әуезові» (1997) сынды еңбектерін жариялаған жан. «Құрмет» орденінің иегері. Осындай алапауыт атағы, еліміздің есепсіз қуғынға ұшыраған жандарын зерттеудегі ерен еңбегі бар азаматтың жазу ерекшелігін анықтау менің осы жобамды жазудағы басты мақсат.

Әр адамның сөз саптауы мен ой толғауы ерекше екені хақ. Сол ерекшеліктерді айқындап, дәлелдеп, зерттеудегі мақсаттың өзектілігі – сатираны жандыруда алдына жан салмаған ұлт ұланының өз қолтаңбасын анықтауда. Қазақтың журналистикасы «Қазақ» газетінің баспасынан бастау алатыны жалған емес. Алайда қазіргі таңдағы ғылым қуған азаматтардың көптеп жіберер қателігі – тарихтың тамырына тереңдеп бойлап, дінгегін назардан тастап, тек шолып өту. Төртінші биліктің тарихы бәрімізге аян болғанымен, оның жаңа буынының еңбегі еленбей кетеді. Тура солай тек бірнеше зерттеушілердің зерттеу нысанына айналған Темірбек Қожакеевтің жазу мәнерін анықтап, оны өзге журналист ғалымдардың қатарынан ерекшелігін айқындайтын қасиеттерді осы жоба аясында ине-жіпке маржандай тізу менің бірінші диттеген мақсатым.

Негізінде жоғарыда атағандай осы тұлғаның туындыларының саны мен сапасының жоғарылығынан жалпы зерттеулерін бір жоба аясында саралау қиын. Оның үстіне барлық туындысына жүргізілген зерттеу мен сараптаманы бөлек кітап етіп шығармаса, оның жазу ерекшелігін айқындау мақсатында барлық басылымына тек шолу жасау ғана болады. Алайда менің диттеген мақсатым толыққанды зерттеу жүргізу еді, сол себепті мен нар тұлғалы азаматтың шығармаларынан «қаймағын» санамен саралауды ұйғардым. Тура сол «қаймағы» атанған туынды көп тілшілер үшін шоқтығы биік шығарма «Т. Қожакеевтің 9 томдық таңдамалы шығармалары». Тілшіліктің әліппесіне айналған кітап осы жинақтың жетінші томы. Журналистиканың негізін алуда алдына жан салмайтын осы жетінші томда журналистика жанрларына анықтама беріліп, мақала мен корреспонденция ара жігі ажыратылады. Бұл кітапты алу себебім де ерек. 100 жылдан астам тарихы бар қазақ журналистикасының жанрларын зерттеген жандар саусақпен санарлық. Айталық, Темірбек Қожакеев, Нарбин Кенжеғұлова, Ма-